

A. Ә. БАЙТЕЛИЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ВЕРБАЛ НОМИНАТИВТІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақ фразеологизмдерінің баска лексика-грамматикалық және басқа құрылымдық топтаратымен салыстырғанда, вербал номинативтік фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Фразеологизмдердің ішіндегі ең көбі вербал (етістік) фразеологизмдер. Вербал фразеологизмдердің мол болуы қазақ тілінің жалғамалы сипатымен және фразеологизмдердің синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық тәсілмен де жасалғандығымен астасып жатыр. Сөйлемдерді құрастыруда, жай етістіктердің қызметі қандай маңызды болса, еркін етістік сөз тіркестерінің де қызметі басым. Сол сиякты етістік фразеологизмдер де сөйлем құраудың құрылыш материалы ретінде жиңі колданылады. Көптеген фразеологизмдер сөйлем құрамында етістікпен байланысқа туседі де, сол арқылы өзінің табиғатын, сипатын аша алады.

Вербал фразеологизмнің құрамында міндетті түрде етістік сөз болады да, түйікрай түрінде номинативті қызметі анық көрініп тұрады. Ал фразеологизмнің етістік мүшесі қайсыбір шақ формасында тұрса, ол предикаттық сипат алады. Мысалы, «Әкесін таныту» мен «Әкесін танытты» формаларын салыстырсақ, біріншісі – сөз тіркесі, екіншісі – сөйлем түрінде тұр, екінші тіркесте затесім бағыныңқы септікте тұрғандықтан, бұл тұлғасында коммуникативтік қызмет атқара алмайды. Мағынасы жағынан да бұл тұлғада тіркес коммуникативтік сөйлем ретінде ұғынылмайды. Сөйлем ішінде «әкесін танытты» фразеологизмін бөліп-жарып екі сөйлем мүшесіне ажыратпаймыз, фразеологизм тұтасымен сөйлемнің бір мүшесін атқарады, «қайтті?», «не істеді?» деген сұрапқа жауап береді. Мәннәтінде қолданылу барысында етістік фразеология түйікрай формасында тұрса (қоң бітірмеу), онда оның өзінің басты синтаксистік қызметінде емес (баяндауыш), сөйлемнің басқа мүшесінің қызметінде жұмсалғандығы. «Құнанбай Дәркембайға қоң бітірmedі» десек, фразеологизм баяндауыш қызметінде, ал «Қоң бітірмеу кедейлердің байга деген наразылығын тудырды» дегенде, сөйлемнің бастауышы.

Көптеген вербал фразеологизмдер қолданыста тұра толықтауыш қызметіндегі сөздермен

тіркеседі: *Атасының айтқанын бұлжыстай орындауды* (С.Б.). *Достарың келіп табалаң, Дұшпаның сені басқа ұрсын* (М.Ө.). *Оларды бөрікпен ұртап алатын өнердегі жауга санайды екен* (С.О.). Фразеологизмнің құрамына енбейтін, онымен еркін тіркес құрайтын сөйлем мүшесі жанама толықтауыш та болады. *Соққы жедім сүм заманнан, Бір жылы сөз ем емес* (Абай). Осы ұзын сапарымда мениң атқосыдан жолым болды (С.К.). *Бұлттан бойын тартып бір сескенбей, Басында бала бүркіт шаңқылдайды* (ҚӘ). Егер етістік фразеологизмдердің құрамында тәуелдік жалғаулы сөз толықтауыш қызметінде тұрған «сипатта» келсе, мысалы, «басы алынды», «көзі шатынады», «аяғы сүйылып кетті» т.б., онда етістік фразеологизмнің компоненттері құрамына енбейтін, фразеология құрамындағы толықтауыш «сипатындағы» сөзben тіркесетін, оған анықтауыш болатын, сөзben тіркеседі. Мысалы: *Әңгіменің (Оның әңгімесінің) аяғы сүйылып кетті. Хан қызының қоңіліне бір де бірі жақтайды, сыйлық әкелген кісілердің басы алынды* (КЕ). Етістік фразеологизмнің мағынасы мәннәтін құрамында екі толықтауышпен тіркес құрауы да мүмкін: *Туган аласын ағайынға қас тұтып, ала көзімен атып отырды* (І.Е.).

Етістік номинативтік фразеологизмнің мағынасына қарай, оларды қолданушы сөйлем ішінде басқа сөздермен байланыстырады, сол байланыс негізінде контекстегі сөздер көршауында фразеологизмдер өзгеріп түрленеді және оның грамматикалық сипаты анықталады. Етістік фразеологизмдердің құрамында етістік сөз болады да, ол фразеологизмнің құрамындағы сөздердің сонында келеді. Бұл – етістік фразеологизмдердің басты ерекшелігі.

Қазақ тіліндегі етістік номинативтік фразеология қалыптасуында еркін тіркестің құрамындағы етістіктің де, етістікпен байланысқа тұсken сөздердің де семантикалық жақтан дамығандағы, өзгеріске түскендігі байқалады. Және де тіркестің семантикалық өзгеріске түсу процесінде етістік мүшениң ерекше қызмет атқарғанын байқау киын емес, ойткені етістікті тіркестерден субстантив, адъектив, адвербал номинативтік фразеологизмдер жасалмаған.

Етістік номинативтік фразеологизмдер қазак тіліндегі қабыса және менгеріле байланысқан еркін сөз тіркестері негізінде қалыптасқан. Қазіргі қазак тілі фразеологиясындағы етістік номинативтік фразеологизмдерді екі грамматикалық құрылымды: а) қабыса байланысқан сипаттағы және ә) менгеріле байланысқан сипаттағы топка бөлуге болады.

Қабыса байланысқан сипаттағы вербал фразеологизмдердің құрылымы және жасалу үлгілері әртүрлі болып келеді. Олардың құрамында үстеу, зат есім, сын есім, сан есім, көсемше, еліктеуіш сөздер етістікпен қабыса байланысқан сипатта келе береді: а) **зат есім** қатыскан тіркестер: *бас корсетті, ант ішті, ат байлады (біреуге), аяқ артты, аян берді, әл бермеді, баз кешті* т.б.; ә) **сын есім** қатыскан тіркестер: *ақымақ санауды, ала болды, ала көрмеді, аяқсыз қалдырыды, бордай тозды, ерсі көрді, жаман айтты, жастай солды, көктей солды, құмырсқадай құжынауды, қызыл кенірдектесті* т.б.; б) **сан есім** мен етістің қабыса байланысуы сипатындағы вербал фразеологизмдер: *бір уыс қылды; екі елі ажырамады; жуз құбылды; қырық пышақ болды; он саусағындағы білді; отыз күн ойын қылды, тоғыз айып тарфты; торт құбыла түгелденді;* т.б.; в) **үстеу** сөздің етістікпен қабыса байланысуы сипатындағы вербал фразеологизмдер: *арадай талады, сұлікше сорды, мас кенедей жабысты, арыстандай құтырыды, аюдай ақырыды, жесімдей жабысты, жүндей түтті, жіңісіз байланыды, көздің қараашығындағы сақтады, қойдай шулады, нілдей бұзылды, сұліктей сорды, жіңісіз байланыды;* г) **еліктеуіш** сөзі бар етістік фразеологизмдер: *зығ жүгірді, ап-сан етті, аныл-таптыл басты, жылтың-жылтың етті, бал-бұл жанды, дүңк етті, жалтақ-жалтақ қарады, қалт-құлт етті, қыран-топан күлді, сау етті, селк етті, сорап-сорап тарфты;* д) **көсемшелі** вербал фразеологизмдер: *азалап барды, азан-қазан қылды, азын-тозын кетті, алдан түсірді, алтың қашты, алақтап тұра берді, аппақ қудай болды, бал жасаласын кетті* т.б.

Зат есімдердің етістіктермен қабыса байланысуы негізінде қалыптасқан вербал фразеологизмдердегі зат есімдер сырт қарағанда қимылдың объектісі болып көрінгенімен, оны етістік сынарынан бөліп алып, сөйлемнің толықтауышы деп тануға болмайды және де ол ешқашан табыс септігінің жалғауын қабылдамайды. Мысалы, «*бала сую*» фразеологизмінің зат есім сынарына табыс септігінің жалғауын жалғау (бала+ны сую) фразеологизмді еркін тіркеске айналдырады. «*Бала*

сую» фразеологизмнің мағынасы «перзентті болу» болса, «*баланы сую*» еркін тіркесінде қосымшалы сынар қымылдың объектісіне айналады. Бастапқы кезде еркін тіркес құрамында нақтылы зат есімдер мен дерексіз зат есімдер етістіктердің мағыналық ерекшеліктеріне үйлесімді болып ынғайлласа тіркескен де, келе-келе семантикалық өзгеріске түсken. Қабыса байланысқан зат есім мен етістіктің тіркесі үлгісіндегі құрылымдардың ішінде семантикалық жақтан өзгеріп фразеологизмге айналғандары еркін сөз тіркестері жүйесіндегі қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінен көп емес, яғни осындағы сөз тіркестерінің бәрі бірдей семантикалық өзгеріске түсуге икемді емес.

Сын есімдердің етістікпен қабыса байланысунан қалыптасқан сын есімдер онша көп емес. Оның себебі барлық сын есім етістікпен тіркесе бермейді және барлық етістікке сын есімдер бірдей қатысты бола бермейді. Тілімізде сапалық айқындауышты қажет ететін етістіктер сан жағынан шамалы, біраз сын есімдер ғана етістікті сөз тіркесінің бағынынқы сынары болады да, пысықтауыштық қатынасты білдіреді. Қатыстық сын есімдердің де етістікті сөз тіркесінің бағынынқы сынарында колданылуы жиі құбылыс емес. Осындағы себептерге байланысты қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің саны аз. Сан есімдер етістікті сөз тіркестердің құрамында етістікпен пысықтауыш қатынаста тұрып қимылды сандық сапа тұрғысынан пысықтайтындықтан, сан есім мен етістіктің қабыса байланысқан еркін тіркестерінен туған фразеологизмдер де тілімізде айта қаларлықтай мол емес.

Қазак тілінде көсемшелер етістікті сөз тіркесін жасауда ерекше икемді. Көсемшелер таза етістікті сөз тіркестерінің көп кездесетін топтарын қурайды. Кез келген негізгі етістік мұнданың тіркесінде оның не бағынынқы, не басынқы сынары қызметінде жұмсала алады. Мысалы: *тауысын ішті, тауысын ішіп алды, ойлан сойледі*. Бұл көсемшелерді басынқы етіп айтуға да болады. Көсемшелердің етістіктермен тіркесуі олардың тұлғасы мен мағыналық үйлесіміне байланысты болғандақтан, кез келген көсемшени кез келген етістікпен тіркестіре салуға болмайды. Бірақ көсемшелердің мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да, етістіктермен қабысу жолымен тіркесіп, етістікті сөз тіркестерінің ең көп таралған тобын құрағанымен, осы құрылымды еркін сөз тіркестерінің семантикалық жақтан дамуы мен

өзгеруі нәтижесінде қалыптасқан (көсемше мен етістіктің қабыса байланысу үлгісіндегі) фразеологиямдер де тілімізде шексіз көп емес.

Қазақ тіліндегі вербал номинативтік фразеологиямдер жүйесінде таза салаласа байланысу үлгісінде қалыптасқан фразеологиямдер жоқ, бірақ сабактаса-салаласа байланысқан сипаттағы етістік фразеологиямдер кездеседі. Ондай фразеологиямдердің құрамындағы есім сөздердің біреуі етістікпен қабыса байланысу, ал екіншісі менгеріле байланысу сипаттында болып келеді. Мұндай құрылымдағы фразеологиямдер санаулығана десе де болады. Мысалы: *ит пен мысықтай болды, азар да безер болды, от пен суга тұсірді, дыгыры мен ығырын шыгарды, мұң мен зарын тарқатты, үлде мен бүлдеге малынды, жанды мен жансызға арыз айтты, ит пен құсқа жем болды, оң мен солын таныды, оң мен солына қарады, у да шу болды, урты мен мұрты бірдей май болды, үлде мен бүлдеге оранды, тіл мен жасына сүйенди т.б.*

Менгеріле байланысқан құрылымдағы вербал фразеологиямдер есім сөздердің етістікпен жалғаулар арқылы байланысунан жасалған сөз тіркестерінен дамыған. Менгеруде сөз арасына дәнекер болатын барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінің жалғаулары. Демек менгерілетін сөздер – есімдер. Етістіктер менгеретін сөздер, негізінен, зат есімдер мен субстантивтенген сын есім, сан есім, есімшелер. Осы түрғыдан менгеріле байланысқан сипаттағы етістік тіркестердің құрамы әртүрлі болады. Мысалы: а) **барыс жалғауы арқылы менгеріле байланысудан қалыптасқан вербал фразеологиямдер:** агаши атқа мінгізді – осек-аяңға іліктірді; алақанға қарады – дәме етті; адамға санамады – менсінбеді; алқымға алды – қыспақта алды т.б.; ә) **табыс жалғауы арқылы менгеріле байланысудан қалыптасқан вербал фразеологиямдер:** айды аспанға бір шыгарды – атын шыгарды; белді қынай буды – жинақыланды; бойды алды – ерікті биледі; даланы басына көтерді – бар даусымен айқай салды; елді қаратты – билігіне қондірді т.б.; б) **барыс жалғауы арқылы менгеріле байланысудан қалыптасқан вербал фразеологиямдер:** ат құлагында ойнады – пысықтық көрсетті; көкіректе сайран тұрды – ойнанда сақталды; көкіректе қаю болмады – адап болды; комейінде бірдене тұрды – сөз тіліне оралып тұрды т.б.; **шығыс жалғауы арқылы менгеріле байланысудан қалыптасқан вербал фразеологиямдер:** агастан бал, шоптен сүт ағылды – кол-косір молыштық болды; агастан түйін түйеді – шеберлігін, өнерлігін көр-

сетеді; айдан ұл тудырып, күннен қызы тудырды – қолдан келгеннің бәрін істеді; ак үстінен қара таныды – дұрыс-бұрысын ажыратты; бүйрекten си-рақ шыгарды – шатақ шыгарды; дүниеден озды – олді; еттеп өттіп, сүйекке жетті – қатты батты т.б.; **көмектес жалғауы арқылы менгеріле байланысудан қалыптасқан вербал фразеологиямдер:** етігімен су кешті – қынышылықта тозді, конді; женеімен сәлем берді – менсінбей амандасты; кеудемен атты – ала көзімен қарады; аузымен орақ орды – жұмысты тілімен бітірді; қабыргамен ақылдасты – жақындарымен келісті; қанатымен ұшып, құйрығымен қонды – сүйемелдейтін жақындары болды; оймен тон пішті – сыртынан шешім айтты т.б.

Морфологиялық жақтан қазақ тілінің вербал фразеологиямдері өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Фразеологиям құрамындағы етістік, еркін тіркестерде қолданысындағыдан және мәннәтіннің мағыналық ынғайына сәйкес, етістікке қатысты категориялардың формаларында өзгеріп түрленеді [1, 84]. Етістік мүше төмендегі рай формаларында қолданылуы мүмкін: **Ашықрайда қолданылуы:** Жиренше қабағын бір шытып, қозгалқатап қалды (М.Ә.). Бұған Әбіш ауру сияқты көрініп еді. Бауырмал жүргегі су етті (М.Ә.). Қазынаның берем дегенін сұрауга да бет моншагың туреді (Ф.Мұс.); **Шартты райда қолданылуы:** Женем десен, қара сөзді қамшы қылмаганың дұрыс, қарагым (І.Е.). –Е, ең болмаса, сен ара ағайын болсаншы, – деді (М.Ә.). **Сапты аяқтан ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын болсаң, мен билік айтпаймын** (М.Ә.). **Қалау райда қолданылуы:** Қайтесің енді: Қолынмен істегенді мойныңмен көтересің деген осы (М.Ә.). **Меніңде қолыма қарға тышар, тұра тұр бәлем** (ФС). **Жолдастар, осының біз жөнін білсек қайтеді, немене екен осылар?** – деді Мәмбет (Г.Ж.);

Бұйрық райда қолданылуы: Саган айтам, әкеңнің өз қөзіне айт – қоя тұрши! (М.Ә.). Біреудің бір нәрсесіне қызығып, қөзіннің нәләтін салушы болма! (Е.Ә.). **Отымен кіріп, құлімен шық, қонағының!** (М.Ә.).

Фразеологиям құрамындағы етістік сыңар салт я сабакты етістік болуы мүмкін: а) **сабакты етістік:** Солардан бас қорғау ретінде және бір жағынан жаманың жазалайтын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысады (М.Ә.). Таң атқан соң, екі агасы Майлықараны жұртына тастап көшіп кетті және әйелі мен үйін ала кетті (КЕ). Жаман тарелкені уатты, пышақты жетесінен сындырыды, гауһар тасты қақ жарды (КЕ). Осы

шөлдегі үш ауданың ішінен ең жақсы деген қызын сауырынан басып жүріп, таңдал тұрып алмайсын ба, – деді Әсег Сагатқа (М.Ә.). Әрбір малды біз жаудан, жұрттан көздің қарашиғындаи сақтаймыз! – деді Қалқаман (С.М.); ә) салт етістік: Жат есікті және қорып, **Жара салма сен маган, Жұрт жамандар жатқа жорып, Жалынамын мен саган** (Абай). Абайға **бал ашып** берем деп, бақтыңды атап берем деп саусылдан алақанын жаза сойлеп жүр (М.Ә.). Арамың сол, Бөжей маган **қакпан құрганын** қойсын, біреудің сыртын бетке ұстап жүріп маган арнап оқ атқанын қойсын, – деді Құнанбай (М.Ә.).

Фразеологизмнің етістік сынары **етіс** категориясының жүрнектарын қабылдайды: а) өздік **етіс**: **Қынай белін буынды**. Бір аллага сыйынды (КЕ). Ордендерін тағып, **мұздай киініп** алған. Батырдың қолын ұстап, оқтын-оқтын құшақтап қояды (ЕК). Тыныш жастып, көзін сатып, біреуден тіленбей, **жанын қарманып**, адап еңбекпен мал ізdemек, ол – арлы адамың іci (Абай); ә) **ортак етіс**: Сонымен бұл екеуі (**Жандыбатыр мен дәү екеуі**) **кол алысып, төс соғысып** дос болысты (КЕ). Жау жағымен қолга тұскендер **көзбен атысты** (Т.А.). **Қабырғадан қан кешіскең** қаруластар бірігіп, **ақыл қосысты** (І.Е.); б) ырықсыз **етіс**: **Жау көзіне шалынбай, Көктөбені беттеді** (Жамбыл). Аты болса, о да **тері таралғысына ілініп** жүз рет болдырып, зорға жеткен (М.Ә.). Жазықсыз жандар **қыспакқа алынды да, жазықтылар босатылды** (ЖА). Ас әзірлігі ойдагыдан жүріп жастыр. Бес болыс **Керей-Уаққа түгел сауын айттылды** (F.M.). Жаңа ұлықтың **коқан-лоқысы істелді** (М.Ә.); в) өзгелік **етіс**: **Жақын-алысқа сауын айтқызып, той қамына кірісіп кетті** (І.Е.).

Фразеологизмдердің етістік сынары **болымдылық** және **болымсыздық** формаларында өзгеруі мүмкін. Фразеологизмнің құрамындағы етістік болымды түрде тұрса, фразеологизмді қолданушы сөйлем мағынасына сәйкес болымсыз түрде қолдануы мүмкін. Мысалы: «Жолда қалу» фразеологизмін автор болымсыз түрде қолданған: Қас жүйрікке жолықсан, **Жолда қалмас** күй таңдал (М.Сұл.). Және алдымен Қодардың сол Құнанбай айтқандай айтытылығына **көзі жеткен жок** (көзі жетті фразеологизмі) (М.Ә.). Егер фразеологизмнің құрамындағы етістік сынар болымсыз түрде тұрса, онда ол етістік мүше сол болымсыз түрінде қолданыла береді. Ол болымды түрде қолданылмайды, ал қолданылған жағдайда фразеологизмнің мағынасы жойылады: **Елемес қайланы**

үрганда көз ілеспейді, тістеніп, бар күшімен ұрады (С.Е.). Бұл жерде фразеологизм «көз ілеседі» түрінде мүлдем қолданылмайды. Мысалы, «*тіс жарып сөз айтпау*»: **Екеуі де жарытып, тіс жарып сөйлемейтін** (М.Ә.). «Беті былш етпеу»: **Тарт, Әзімбай, арсыз тіліңді!** Әкеңнің аузы бар-мас арамдыққа **бетің былш етпей сен барайын деп не ең?** (М.Ә.).

Фразеологизмдердің құрамындағы етістік сынарлар өткен, келер және осы шақ формаларының көрсеткіштерін қабылдайды. **Өткен шакта қолданылуы**: Ертең заманда ұсақ-түйек, айна-тарақ сатушы бол, жаман арбамен елге барған кішкене саудагер, осы мына бір аяғын сылтып басқан Жәбікен саудагерге Дәмежан қоңіл қосып серт берген де, бір тұнде осыған еріп қалага қашып кеткен (М.Ә.). Жұз жылдан бұрын да, содан кейін, дәл бүгінгі күнгө шейін де, ұлға тұсау, қызға бұғау болған ел заңы, осы екеуін **ат қүйрығына байлатып, сүретіп өлтірткен** (М.Ә.). Шыңғыстың іш-тысындағы сай тасына дейін шулаган жоқ па? Соққытепкі көрғеннің бәрі **жагасын ұстап, тісін басты гой**, – деді (М.Ә.). Кебектер туралы кешегі Абай ағам айтқан, шарт қылған шындық «шындық» не мене еді? Соны шешеміз деп **шетке кеттік**. Тіпті **шығанға шығып кеттік!** – деді (М.Ә.). **Осы шакта қолданылуы**: – Осы сөзді **Жігітектің** сол ауылдары сойлеп отыр ма? Жоқ, әлде басына бәле бұлты оралып жүрмесе, бойына ас батпайтын Базаралы **құтыртып отыр ма?** (М.Ә.) – Әрине, Дәркенбайдың ақылына, аулына да қоңсы қонсам бүйтөрмем, деп өзім де **бармагымды тістеп журмін**. Бір мен емес-ау, осы жайлайда көшіп жүрген қалың елдің көтпен-көбіне **жыным түседі** (М.Ә.). Дәрібек айналаға **көз жіберіп қарал тұр** (С.О.). Ахмет үзіліп кете жаздагандай болып, **егіліп жылап отыр** (С.Т.). Жұрттың бәрі пысық бол кетіні. Осыларға қайдан **жел бітіп жүр** (Т.А.). Келер шакта қолданылуы: «Кегің кеткен Құнанбай балаларын осы бетіңмен бір согып қал, соқтығып қал!» – деді. **Менің қолыммен от көсеумен болады** (М.Ә.). «Жазым болармын, жаяу жалғызыбын гой!» – деп ойлау да басына **кіріп-шыгар** емес (М.Ә.).

Вербал номинативтік фразеологизмдердің етістік сынарлары **жіктік жалғауларымен түрленіп айтылады**. Мәнмәтіндегі коршауының мағынасына қарай әр жақта, шакта, райда, етісте қолданыла береді. Фразеологизмнің құрамындағы етістікten басқа сөздер де, мәнмәтін ыңғайына қарай, тұтас фразеологизмнің мағынасын бұзбайтындей өзгерістерге түс алады [2,595]. Мысалы:

Құдайын ұмытқан мына Құнанбайлар. Тап осы жолы **түяқ серіппесек, бәрімізді де атанаң аруағы атсын!** Ит болайық, енді қыбырламасақ! — деді Оразбай жалғыз көзін жалтылдатып, айнала қарап, қанын ішіне тартып сойледі (М.Ә.). Сөйлемдегі «түяқ серіппеу, құдайын ұмыту, ит болу, қанын ішіне тарту, аруақ ату» фразеологизмдерінің етістік сынарлары әр түрлі өзгерістерге түсіп тұр. Тұыстағы тұрмыс дерті **зығырынды қайнатып, бармағынды шайнатады** (С.Т.). — Әрине, Дәркембай ақылына, аулына да қоңсы қонсан бүйтермем, деп өзім де **бармағымды тістеп жүрмін** (М.Ә.). Сөйлемдердегі «бармағын тістемеу», «зығыры қайнау» фразеологизмдері қажетіне қарай шакта, жакта т.б. өзгеріске түсken.

Вербал номинативтік фразеологизмдер сөйлемде негізінен **баяндауыш** қызметін аткарады. Мысалы: *Бірақ әнеугүні Құнекең мына Сыбан ішіне топқа барса, сонда Солтабай төре осыны бетіне салық қыпты* (М.Ә). Унде мей отырып, домбырасын тыңқылдатып тартады да, қонақтарға **салын қарап қояды**. Амандаса келген, қайырлы босын айта келген Байсал, Құлынишақ дәл бүгінгі күн, құр амандасу емес, Бөкенші, Борсаққа **қыр көрсете келіп тұр**. Етістік фразеологияның **анықтауыш** қызметін есімше формасында келгенде аткарады. Мысалы: *Анадан туып, көзін тырнап ашқаннан бері өмір теперішін көп көрген, әбден қара қайыс болып қатып қалған* күсті білектер бірінен-бірі ажырамады. Вербал фразеологизмдердің қайсы-бір сөйлем мүшесінің қызметін аткарып тұрған-дығын оның сөйлемдегі басқа сөздермен байланысуынан анық көруге болады. Жалпы фразеологизмдердің контекстегі басқа сөздермен «сыртқы фразеологиялық байланысының» ерекшелігі – оның бір бағыттылық сипатында. Фразеологиялық сыртқы байланыстың бір бағыттылық сипаты дегенді фразеология мен айтылым я мәтіндегі басқа сөздердің, сөйлемдердің арасындағы синтаксистік және семасиологиялық қатынастарда фразеологизмнің үстем қызмет атқаруы деп түсіну керек. Мысалы, «*пышақ үстінен ауыз тиу*» фразеологияның сөйлемде: а) міндетті тұрде бастауыштың (кісі, адам т.б. осы іс-әрекетті

шындық өмірде атқаратын субъектінің), ә) толық-тауыштың (іс-әрекетке қатысты объектінің) және б) іс-әрекеттің мәніне қарай сөйлемде басқа да мүшелердің болуын қажет етеді: *Саржан оте асығыс қазан үстінен еттен пышақ үстінен ауыз тиді де, сыртқа жүгіре шықты*. Сондай-ак фразеологияның мәтін мазмұнына қарай басқа сөздермен және сөйлемдермен шакта, райда өзгеріп, түрленіп қолданылады. Қазақ тілінің өзіндік синтаксистік құрылышына байланысты және фразеологизмдердің басқа сөздермен сөз тіркестерін жасау табиғатына сәйкес ерекше байланыс үлгілері кездесе береді. Синтаксистік байланыс жойылған болса, онда курамдағы сөздер өзгеріссіз, қаз-қалпында жұмсалған болар еді. Кейде, тіпті фразеологизмнің сынарларының орнын ауыстырып қолданудан да оның мағынасы сақталады: *Танымассың, кормессің, Қантаган соң көзді шел, Имансызық ежелден Қызылбастан қалған жоқ* (Абай). *Тұлқідей бұлтақтап, бір жостадан бір жостага жортып, әлі құйрығын үстемдеп емес* (Б. Мом.).

ӘДЕБІЕТ

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. 128 б.
2. Қеңесбаев И. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. 712 б.

Резюме

Исследована грамматическая структура глагольных номинативных фразеологизмов казахского языка. Анализированы морфологические свойства и особенности, как употребление фразеологизма в наклонениях, временах, формах залога, их изменение по всем парадигматическим показателям. А также рассмотрены их синтаксические свойства и особенности образовать различные виды предложений и выполнять функции членов предложения.

Summary

In this article is investigated the grammatical structure of verbal nominative phraseological units of kazakh language. It analyses the morphological properties and peculiarities, as the usage of phraseological units in mood, tenses, forms of voice and their change in all paradigmatic indexes. Also there are examined their syntactical properties and peculiarities to form different types of sentences and carry out the functions of sentence members.